

8D02303 – Лингвистика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Серікқазықызы Ақбота «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ШКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы лингвистика ғылымындағы тарихи лингвистика, түркітану және салыстырмалы-диахрониялық зерттеулердің басым бағыттарына толық сәйкес келеді. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстанға әкелінген жазба ескерткіштердің көшірмелеріне сүйене отырып, зерттеу олардың тілін қазіргі қыпшақ тілдерімен тарихи-генетикалық және диахрониялық тұрғыдан салыстыра талдауға, сондай-ақ ареалдық-лингвистикалық белгілерін айқындауға бағытталған.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Жок.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Жок.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» саласындағы ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді.

2.	Ғылым маңыздылығы үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс тарихи лингвистика және түркітану саласында ғылымға елеулі үлес қосады, ал оның маңыздылығы армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін қазіргі қыпшақ тілдерімен тарихи-генетикалық және диахрониялық тұрғыдан кешенді талдау арқылы толық ашылған
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған.</li> </ol>	<p>Диссертация жұмысы өз бетінше орындалған, өзі жазу деңгейі жоғары.</p> <p>Диссертацияда автордың дербес ғылыми ұстанымы айқын көрініс тапқан. Жұмыста ұсынылған талдаулар, тұжырымдар мен қорытындылар автордың өзіндік ғылыми ізденісі мен кешенді лингвистикалық зерттеуі нәтижесінде қалыптасқан. Пайдаланылған бөгде дереккөздер ғылыми талаптарға сәйкес іріктеліп, талдау нысанына қызмет ететін деңгейде орынды қолданылған және барлық сілтемелер академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып рәсімделген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) ішінара негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Диссертация өзектілігінің негіздемесі: негізделген.</p> <p>Диссертацияның өзектілігі армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін тарихи-диахрониялық және лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу қажеттілігімен, олардың қазіргі қыпшақ тілдерімен, соның ішінде қазақ тілімен генетикалық сабақтастығын айқындаудың ғылым үшін маңыздылығымен дәйекті түрде негізделген.</p> <p>Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және қойылған мақсат пен міндеттерді жүйелі түрде ашады. Жұмыстың бөлімдері мен тараулары армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілін лингвистикалық тұрғыдан талдауға бағытталып, тақырыптың негізгі ғылыми мәселелерін дәйекті түрде айқындайды.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсаты армян-қыпшақ жазба ескерткіштері тілін лингвистикалық интерпретациялау негізінде армян-қыпшақ тілінің қыпшақ тілдері жүйесіндегі орнын айқындау, оның қазақ тілімен генетикалық және тарихи-диахрониялық сабақтастығын ғылыми тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ паремиологиялық және құқықтық мәтіндер арқылы этномәдени және гендерлік репрезентацияның тілдік ерекшеліктерін анықтау болып табылады.</p>

<p>Аталған мақсатқа жету үшін диссертацияда өзара логикалық байланыстағы міндеттер жүйесі қойылған. Атап айтқанда, армян-қыпшақ ескерткіштерінің зерттелу тарихы лингвистикалық тұрғыдан жүйеленіп, олардың қазақ тілімен тарихи-генетикалық сабақтастығы негізделген; А.Н. Гаркавец еңбектерін талдау арқылы армян-қыпшақ жазба ескерткіштері тілінің тарихи дамуы мен қостілділік жағдайындағы конвергенттік эволюциясы айқындалған. Сонымен қатар мақал-мәтелдер материалдары негізінде адам бейнесі, рухани-адамгершілік құндылықтар, материалдық мәдениет пен этномәдени кодтың тілдік репрезентациясы талданған. Құқықтық мәтіндер арқылы әйел бейнесінің құқықтық және элеуметтік-гендерлік сипаты анықталып, гендерлік теңдік пен патриархалдық иерархияның тілдік көрінісі ғылыми тұрғыдан сипатталған.</p> <p>Осылайша, зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді және жұмыстың ғылыми мазмұнын жүйелі түрде ашады.</p>		
<p>Диссертацияның құрылымы ішкі логикалық бірлік қағидатына негізделген. Жұмыстың барлық бөлімдері мен негізгі ережелері өзара мазмұндық тұрғыдан тығыз байланысып, қойылған мақсат пен міндеттерді жүйелі түрде жүзеге асырады және зерттеу тақырыбының толық ашылуын қамтамасыз етеді.</p>	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	
<p>Диссертацияда алынған негізгі ғылыми нәтижелер армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің қыпшақ тілдерінің тарихи дамуындағы дербес әрі маңызды жазба дәстүр екенін дәлелдейді. Зерттеу барысында армян-қыпшақ жазба ескерткіштері тілінің көне, ортағасырлық қыпшақ тілдерімен және қазіргі қазақ тілімен тарихи-генетикалық және диахрониялық сабақтастығы ғылыми тұрғыдан негізделген. Сонымен қатар қостілділік жағдайындағы тілдік конвергенция үдерістері, паремиологиялық мәтіндердегі этномәдени және аксиологиялық жүйе, сондай-ақ құқықтық дискурстағы әйел бейнесінің гендерлік-құқықтық репрезентациясы кешенді лингвистикалық талдау арқылы айқындалған.</p>	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	

	<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?  1) толығымен жаңа;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?  1) толығымен жаңа;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Аталған нәтижелер жұмыстың ғылыми негізділігін, теориялық маңыздылығын және түркітану мен тарихи лингвистика саласына қосқан нақты үлесін көрсетеді.</p> <p>Толығымен жаңа.</p> <p>Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар бұрын арнайы лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттелмеген армян-қыпшақ жазба ескерткіштері материалы негізінде жасалған және тарихи лингвистика, түркітану, этнолингвистика мен гендерлік лингвистика салалары үшін жаңа ғылыми білім болып табылады.</p>
	<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Толығымен жаңа.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін тарихи-диахрониялық, салыстырмалы және дискурстық-лингвистикалық тұрғыдан кешенді талдау негізінде алынған және қыпшақ тілдерінің тарихи дамуы мен қазақ тілімен генетикалық сабақтастығын айқындауда жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынады.</p> <p>Толығымен жаңа.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған әдіснамалық және талдамалық шешімдер гуманитарлық ғылымдар, атап айтқанда лингвистика саласына тән ғылыми тәсілдерге негізделіп, зерттеу нысанының ерекшелігін ескере отырып алғаш рет кешенді түрде қолданылған.</p>
	<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.</p> <p>Диссертацияда алынған негізгі ғылыми нәтижелер армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің қыпшақ тілдерінің тарихи дамуындағы дербес жазба дәстүр екенін дәлелдейді. Зерттеу нәтижесінде армян-қыпшақ тілінің көне және ортағасырлық қыпшақ тілдерімен, сондай-ақ қазіргі қазақ тілімен тарихи-генетикалық және диахрониялық сабақтастығы негізделген. Сонымен қатар паремиологиялық және құқықтық мәтіндер материалы арқылы этномәдени құндылықтар мен гендерлік репрезентацияның тілдік ерекшеліктері айқындалып, құқықтық дискурста теңдік пен шектеудің амбивалентті гендерлік моделі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.</p> <p>Диссертацияда алынған негізгі ғылыми нәтижелер армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің қыпшақ тілдерінің тарихи дамуындағы дербес жазба дәстүр екенін дәлелдейді. Зерттеу нәтижесінде армян-қыпшақ тілінің көне және ортағасырлық қыпшақ тілдерімен, сондай-ақ қазіргі қазақ тілімен тарихи-генетикалық және диахрониялық сабақтастығы негізделген. Сонымен қатар паремиологиялық және құқықтық мәтіндер материалы арқылы этномәдени құндылықтар мен гендерлік репрезентацияның тілдік ерекшеліктері айқындалып, құқықтық дискурста теңдік пен шектеудің амбивалентті гендерлік моделі</p>

7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>ғылыми тұрғыдан сипатталған.</p> <p>Дәлелденді.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер диссертациялық зерттеу барысында кешенді лингвистикалық талдау, салыстырмалы-диахрониялық әдістер, сондай-ақ нақты жазба ескерткіштерден алынған тілдік деректер негізінде жан-жақты қарастырылған. Авторлық тұжырымдар бұрынғы ғылыми еңбектермен салыстырыла отырып негізделіп, алынған нәтижелердің ғылыми шынайылығы мен дәйектілігі дәлелденген.</p> <p>Тривиалды: иә.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер логикалық тұрғыдан айқын, жүргізілген ғылыми талдаудың нәтижелерінен тікелей туындайды және лингвистика ғылымында жалпы қабылданған ғылыми қағидаттармен толық үйлеседі.</p> <p>Иә.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін кешенді лингвистикалық талдау нәтижесінде алынған және тарихи лингвистика мен түркітану салалары үшін жаңа ғылыми тұжырымдар болып табылады.</p> <p>Кең.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер тарихи лингвистика, түркітану, этнолингвистика және гендерлік лингвистика салаларында ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік мақсатта кеңінен қолдануға болады.</p> <p>Иә.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер диссертация тақырыбына сәйкес жарияланған ғылыми мақалаларда баяндалып, ғылыми қауымдастық алдында апробациядан өткен.</p>
---	---	--

8. Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін әртүрлі лингвистикалық қырынан зерделеген отандық және шетелдік түркітанушы ғалымдардың іргелі еңбектері құрайды. Бұл еңбектер армян-қыпшақ тілінің тарихи дамуын, құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін және оның қазақ тілімен қоса өзге қыпшақ тілдерімен генетикалық әрі типологиялық сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді. Аталған зерттеулер жұмыстың теориялық-әдіснамалық базасын қалыптастырып, диссертацияда қолданылған әдістердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.
Дереккөздер ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) иә; 2) жоқ.	Иә. Диссертацияда пайдаланылған дереккөздер сенімді, ғылыми айналымда мойындалған еңбектерге негізделген, ал ұсынылған ақпараттар нақты тілдік материалдар мен ғылыми деректер арқылы дәйекті түрде негізделген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ.	Иә. Зерттеу барысында мәтіндік деректерді жүйелеу, салыстыру және интерпретациялау мақсатында компьютерлік технологиялар қолданылып, деректерді өңдеудің қазіргі заманғы әдістемелері пайдаланылған. Бұл алынған нәтижелердің дәлдігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік және расталған дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә;	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар дәлелденген: иә. Диссертацияда жасалған теориялық қорытындылар мен анықталған заңдылықтар нақты тілдік материалға негізделген сапалық (qualitative) лингвистикалық талдау, салыстырмалы-диахрониялық әдістер және мәтіндік деректерді жүйелі интерпретациялау арқылы дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан расталған.

		<p>2) жоқ.</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер: нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертацияда берілген негізгі ғылыми тұжырымдар отандық және шетелдік беделді лингвистикалық еңбектерге, ғылыми айналымда мойындалған дереккөздерге сілтеме жасау арқылы дәйекті түрде негізделген, бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: әдеби шолуға жеткілікті.</p> <p>Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыптың зерттелу деңгейін толық ашуға мүмкіндік береді, отандық және шетелдік негізгі ғылыми еңбектерді қамтиды және жүргізілген әдеби шолудың ғылыми талаптарға сай екенін көрсетеді.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Бар.</p> <p>Диссертацияның теориялық маңызы армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін тарихи-диахрониялық және салыстырмалы лингвистикалық тұрғыдан кешенді талдау арқылы қыпшақ тілдерінің тарихи дамуы, қазақ тілімен генетикалық сабақтастығы және тілдік конвергенция үдерістері туралы ғылыми тұжырымдарды толықтыруымен айқындалады.</p> <p>Иә.</p> <p>Диссертацияда алынған нәтижелерді тарихи лингвистика, түркітану, қазақ тілінің тарихы, этнолингвистика және гендерлік лингвистика салаларында оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу практикасына кеңінен енгізуге болады. Зерттеу материалдары жоғары оқу орындарында тиісті курстарды оқытуда, арнайы семинарлар мен электрондық пәндерде, сондай-ақ тарихи жазба ескерткіштерді талдау мен түсіндіруде қолдануға мүмкіндік береді.</p> <p>Толығымен жаңа.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін лингвистикалық интерпретациялау нәтижесінде алынған және оларды оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және қолданбалы лингвистика салаларында алғаш рет кешенді түрде пайдалануға мүмкіндік береді.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жоғары. Диссертация ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес жазылған, терминология бірізді қолданылған, баяндау логикалық және дәйекті, мәтіннің құрылымы айқын әрі түсінікті.
11.	Диссертацияға ескертулер		Айтарлықтай ескертулер жоқ. Дегенмен, ұсыныс ретінде атап өтуге болады: диссертацияда Түркиялық зерттеушілер дәстүріне сай қазақ түрікшесі, қырғыз түрікшесі, башқұрт түрікшесі сияқты терминдер қолданылған. Алайда қазіргі түркі тілдері өзара туыстығын сақтай отырып, дербес дамыған және әдеби тіл мәртебесіне ие болғандықтан, отандық түркітану дәстүріне сәйкес қазақ тілі, қырғыз тілі, башқұрт тілі атауларын қолдану орынды болар еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларының деңгейі жоғары. Мақалалар диссертацияның негізгі бағыттары мен негіжелерін қамтиды, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген, заманауи лингвистикалық талаптарға сәйкес орындалған. Жарияланымдарда көтерілген мәселелер диссертациялық зерттеудің мазмұнымен тікелей сабақтасып, алынған ғылыми негіжелердің апробациядан өткенін көрсетеді. Атап айтқанда, докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда 1 ғылыми мақаласы, шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында 4 мақаласы, отандық халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында 1 мақаласы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған тізімге кіретін ғылыми журналдарда 3 мақаласы жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына		Жоғарыда аталған ғылыми жетістіктерді ескере отырып, «8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған

сәйкес)		Серікқазықызы Ақботаның «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Ғылым ережесінің 28-тармағы талаптарына толық сәйкес келеді және жоғары бағалауға лайық деп есептеледі.
---------	--	---

«8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Серікқазықызы Ақботаның «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге әбден лайық.

**Ресми рецензент:**

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ  
 Филология факультеті  
 «Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі» кафедрасы  
 ф.ғ.к., профессор

